Ащыбұлақ ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығы жиналысының №4хаттамасы

Өткізу уақыты мен күні: 16 ақпан 2026 жыл
«Ащыбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің мәжіліс залы
Шақырылғандар: 22 адам
Ащыбұлақ ауылдық округінің әкімі
Б. Қасымбеков

Жиналысты ашушы және жүргізуші:

Ащыбұлақ ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығы кеңесінің мүшелері: 23 адам.

Жиналыс төрағасы: Оңалбаев Е.
Хатшы: Сулейменкулов С.

Күн тәртібінде

2024 жылғы 1 шілдедегі №106 –VIII Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 16 бабына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес конкурс/ акцион тәсілімен өткізілмеуіне байланысты бір көзден алу тәсілімен Ащыбұлақ ауылдық округіндегі тұрған санитариялық тазалық жұмыстарын жүргізу бойынша.

Ащыбұлақ ауылдық округі әкімі Б.Қасымбеков -2024 жылғы 1 шілдедегі №106–VIII Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес, бюджеттік қаражатты тиімді және үнемді пайдалану мақсатында бірнеше мердігер ұйымдардан коммерциялық ұсыныстар алынған болатын. Ұсыныстарды зерделеу нәтижесінде, ең тиімді және үнемді баға ұсынған ЖК«Улумбетова» жеке кәсіпкер өнім беруші ретінде таңдалып отыр. ЖК«Улумбетова» жеке кәсіпкер ұсынған жұмыс мерзімі қолайлы, техникалық талаптарға толық сәйкес келеді және баға жағынан да тиімді ұсыныс берілген. Осыған орай, Ащыбұлақ ауылдық округі бойынша санитариялық тазалық жұмыстарына ЖК«Улумбетова» жеке кәсіпкер өнім беруші ретінде таңдау ұсынылады. Санитариялық тазалық мәселесі тұрғындар тарапынан ұзақ уақыттан бері көтеріліп келе жаткан маңызды түйткілдердің бірі екендігі атап өтілді. Санитарлық тазалықты сақтау – тұрғындардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды шаралардың бірі. Уақыт өте келе аулаларда, қоғамдық орындарда және көше бойларында тұрмыстық қалдықтардың жиналуы, стихиялық үйінділердің пайда болуы экологиялық және санитарлық жағдайдың нашарлауына әкелуі мүмкін.

Жергілікті қоғамдастық мүшесі Ш.Қағазбаева өз пікірінде:« Санитарлық тазалық жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру аясында аумақтарды қоқыстан тазарту, шөп шабу, арық-атыздарды тазалау, қоқыс контейнерлерін дезинфекциялау және рұқсатсыз үйінділерді жою шаралары жүргізіледі. Бұл жұмыстар елді мекеннің көркін жақсартып қана қоймай, тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.», – деп атап өтті.

Жергілікті қоғамдастық хатшысы С.Сулейманкулов пікірі: «Санитарлық тазалықты сақтау – тек коммуналдық қызметтердің ғана емес, әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі болып табылады. Қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарау мен тазалықты сақтау мәдениетін қалыптастыру – қоғамның тұрақты дамуының маңызды кепілі.». Жобаны іске асыруды жергілікті қоғамдастық толық қолдайды деп ойлаймын. Жоғарыда аталған мәселе жергілікті қоғамдастық жиналысының қарауына енгізілді. Аталған мәселе туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар жоқ.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106–VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабына және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, М.Тұймебаев ауылының Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабына сәйкес, Ащыбұлақ ауылдық округіндегі санитарлық тазалық жұмыстарын «Улумбетова» Жк-мен бір көзден сатып алу тәсілі арқылы жүзеге асырылсын.

Жұмыстардың сапалы және бекітілген мерзімде орындалуы бойынша тұрақты бақылау жүргізіліп, орындалу барысы туралы ақпарат жергілікті қоғамдастық жиналысында тыңдалсын.

Осыған қарсы болмасаңыздар дауысқа салайық:

«Ия» -22 адам, «Қарсы» - 0 адам, «Қалыс қалғандар»- 0 адам

Бәрі бір ауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы Оңалбаев Е.

Хатшы Сулейменкулов С.

Қосымша

Қатысушылардың тізімі

1. Қағазбаева Шолпан
2. Адильбаева Гүльназ Максутовна
3. Кулымбаева Гульжан Дауткуловна
4. Тамабек Мұхамедсұлтан
5. Чатуев Зорге
6. Бақтыбаев Рустем
7. Джамалбеков Даулетбай
8. Оналбаев Ералы
9. Сәрсенбаев Абылай Темірбекұлы
10. Бұғыбаев Рауан
11. Алиев Латив
12. Каландаров Райм
13. Рысбеков Руслан
14. Ергалиева Гүлім Алдабергенова
15. Орманбаева Жанар
16. Өмірбекова Айнұр Амангелдіқызы
17. Кисабек Озат
18. Сулейменкулов Санат
19. Мұрзабаев Қайрат Төребекович
20. Байғожин Асхат
21. Құрманғалиев Тұрлыбек
22. Жуарбаева Бибігүл